



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МӘДЕНИЕТ
ОҚАМАСЫ

МӘДЕНИ МҰРА

культурное наследие

№4 (37) ШІЛДЕ-ТАМЫЗ 2011



Журнал Павлодар облысына арналады



МӘДЕНИ МҰРАМЫЗДЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан кең ауқымды «Мәдени мұра» бағдарламасын бүгінгі өмірдің өзі талап етіп отыр. Мемлекет құрушы осынау өміршен жоба қазақстандықтардың патриоттық сезімін шырмау шыңға шығаруға орасан зор септігін типізеді. «Мәдени мұра» бағдарламасы – ұлттық идеяны нығайтатын әрі қазақстандық қоғамды жетілдіретін, ата-бабаларымыздың есімдері мен атақтарын жаңғыртатын тамаша жоба. Себебі, мәдени мұрамыз құбылмалы қысқа тұмырда бізге адамгершілік тұрғысынан жан-жақты әрі аса қажетгі бағыт-бағдар береді.

Ертістің Павлодар өңірі – тарихи тереңде жатқан мекен. Осынау тамаша жерді көшпелі және отырықшы кезеңде түркі халықтарының бесігі – I Түрік қағанаты мекендеген. Оны Батыс Түрік қағанаты алмастырған. Ал VII-IX ғасырларда қазіргі Павлодардың аумағында әйгілі Қимақ қағанаты өз қалаларын орналастырған. Тарихи деректер дәлелденгендей ертеректе Ертіс өзенінің сағасында 16 қимақ қаласы орналасқан екен. Қимақтар құпиясы өз Шлимановын күтіп отырған отандық тарихтың болашағына тың бағыт-бағдар болмақ. Біздің оқу ордамызда қимақтану ғылымының негізі қалануда және өте қызықты археологиялық деректер университеттегі қимақтардың тарихы мен мәдениеті музейіне қойылған.

Біздің тарихи-мәдени мұрамыздың тамыры әлі де тереңді түсуде. Егер мәселені әріден бастар болсақ, Павлодар жерінде полиолит дәуіріне жататын отырықшылық кезеңге тән ескерткіштер сақталған. Сондықтан, біздің университеттің ғалымдар кеңесі 2001 жылы «Ертістің Павлодар өңіріндегі этно-мәдени зерттеулер» бағдарламасын бекітті. Бұл жұмысқа архелог мамандар мықтап бекінді. Бүгінде тас ғасырына жататын Шідерті-3 көп қабатты тұрағын республикалық бюджет қаржыландырып отыр. Сондай-ақ, Еліміздің археология және қыпшақтану Институттарымен бірлесіп, Қала-



Ерлан АРЫН,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор.

балғасын мен Қимақ қаласының орнына зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Пятирижск және Береговое ауылдарындағы қорғандарда да кең ауқымды жұмыстар атқарылуда. Өңірдің тарихын дамытуға арналған бағдарламаны жүзеге асыру шаралары бастапқы кезде университеттің моральді және материалдық көмегінің арқасында алға басты. Онда ғалым-педагогтар мен студенттерден құралған топ жұмыс істеді. Археологиялық және полентологиялық жәдігерлер мен материалдарды павлодарлық белгілі археолог В.К.Мерц жинастырды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде түсірілген «Очень древняя Азия» атты көпсериялы видеофильм, «Оленные камни» жобасы, «Каменные изваяния и стелы Баянаула» атты документалды фильмдерін түсіру арқасында павлодарлықтар отандық тарихтың жаңа парактарын ашты. Қоғамның тұтан елдің тарихына деген қызығушылығын арттыру аталмыш бағдарламаның басты мақсаты.

Жұмыс барысында бағдарламаның жемісті жалғасуына кедергі келтіретін біраз мәселелер орын алды. Басты мәселеміз – кең көлемді ғылым-зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын мамандардың жетіспеуі болды. Білікті әрі білімді мамандарды алыстан іздемей-ақ, өзіміздің университетте белгілі археологтардың көмегімен дайындап шығару қолға алынды. Бұл ретте білім ордасына тарих ғылымдарының докторы, профессор, сол уақытта Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде Қазақстан археологиясы, этнологиясы және тарихы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарған Ж.О.Артықбаев шақырылды. Университетте 6 ғылым-зерттеу және ғылым-практикалық орталықтар ашылды. Олар тарихи-мәдени мұраларымызбен жүйелі түрде жұмыс жасады.

Бір басылымнан «Уақыт құдығының» ешқашан тереңдігі болмайды» деген тамаша сөзді оқыған едім. Шынымен де, Ертістің Павлодар өңірінің тарихын қай кезеңнен бастап зерттеп, оқығанымыз дұрыс? Андронов мәдениетінен бе, әлде қимақ қалаларының



БАЯНДЫ БОЛАШАККА ЖАРҚЫН ЖОЛ



орындарынан ба, ресей басқыншылығы кезеңінен бе, әлде жоңғар шапқыншылығы уақытынан ба? Біз жоғары оқу ордамызда қарабайыр хронологиядан ашақтап, 2001 жылы Ескерткіштер Аллеясын салуды бастадық. Аллеяда қазақ халқының тәуелсіздігі жолында күресіп, тер төккен ата-бабаларымыздың қоладан құйылған бюстері орнатылды. Олардың қатарында көрегендігімен, білгірлігімен тарихта қалған Бұхар Жирау, белгілі ғалымдар Ә.Мартұлан мен Е.Бекмаханов, репрессия жылдарынан аман қалған Мәшһүр Жүсіп Көпеев және тағы да басқа қазақ халқына қалықсыз қызмет еткен тұлғалардың бюстары қойылды. Соңдай-ақ, сталиндік репрессия жылдарында ғылым, білімнің арқасында талай жұртты танқалдырған Қазақстанның зор мақтанышы, белгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың бюсты мен мүшалап тұр. Ал Аллеяның ең басында Алаш ағуранының авторы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мүсіні кіре берістен бірден көзге шалынады.

Тарихи тұлғалардың бюстерін орнату жұмыстарымен Қазақстанның белгілі мүсіншілері айналысты. Мүсіндерді орнату – Павлодардың киелі топырағында туған даңқты ұлдардың құрметіне арналады. Бұл алаңмен, өңірдеп тарихи терең білім ордасында оқын жатқан болашақ ғалымдарға рухани азық болар дүние. «Ертеңгі күнге қараудан емес, өткеніңді өшіруден қорық» деген халық даналығы бекер айтылмаса керекті. Аллеяның ашылуымен қатар университетте «Дала даналары» және «Керек-Баян өңірін тұлғалары» фо-

тоальбомдары шығарылып, университет қабырғасындағы студенттер мен магистранттарға, аспиранттарға рухани күш бергенді. Мүсіндер тек қана сәндік үшін емес, жастардың соған қарап бой түзеуі үшін орнатылған. Менің ойымша, тарихи тамырың, ұлттық мәдениетің білмейтін «білімділерден» ешқандай қайыр жоқ. Жастар ортасында сол ортаңның дамуына, еліңнің болашағына үн қосатын өз көшбасшысы қалыптасады. Тарихтағы барлық ұлттың көшбасшылары (Мысалы, біздің Президентіміз) өз ұлтының белгілі тұлғаларына қарап бой түшеп, туған жердің тарихы мен мәдениетін жетік меңгеру арқасында өлпек өрлеген.

2001 жылдан бастап біздің университетте музей кешенін ашу жұмыстары қолға алына бастады. Келелі бастамаға білім ордасының ұжымы, Павлодар облысының ұлтжанды азаматтары, республиканың басқа аймақтарында тұратын павлодарлық азаматтар белсене атсалысты. Ал бүгін сөіз музейіміздің есіктері кез-келген павлодарлық пен қала қоныстарына айқара ашық. Өсіресе, студенттер мен мектеп оқушылары музейге көптеп келеді. Ал бірінші курсқа келген студенттердің ағашқы қадамдары осы музейлерден басталады десеке қателеспейміз.

Студент жастарға ғылыми конференциялар қою мүмкіндік беріп отыр. Конференциялар арқылы олардың ғылымға деген қызығушылықтары артып қана қоймай, мәдениет, ғылым салаларында ой жарыстырып, білімдері жетіле түседі. Ең бастысы – студенттер болашақта өміршең ғылыммен айналысулары анық бағыт-бағдар жасап, өз тақырыптар университет қабырғасынан бастап тандайды. 2001 жылдан бастап білім ошағында әртүрлі деңгейдегі «Сәтбаев оқулары», «Ш.Шокин оқулары», «Торайғыров оқулары», «Ержанов оқулары», «Мәшһүр Жүсіп Көпеев оқулары» ұйымдастырыла бастады. Қазіргі таңда олардың кейбіреуі халықаралық деңгейге дейін көтерілді. Мұндай жана ғылымдар өз нәтижесін беріп келеді. Даңқты жерлестерінің өмірі мен өнерінен нақты өнеге алатын жастардың елге, Отанға, тарихқа деген патриоттық сезімдері күшеңе түседі. Жұрыла ғана өткен халықаралық «Сәтбаев оқуларына» алыс-жақын шетелден, Қазақстанның барлық аймақ-



тарынан екі мыңға жуық жас ғалымдар қатысты. Бұл конференцияның материалдары 35 том болып басылып шықты.

Әлкей Марғұлан, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді қазақ ұлдарының есімдері аталмай келген азалы күндер артта қалды емес пе?! Енді сол ардақтыларымызды ұлықтау үрпақ міндеті. Университеттегі дәріс залдарына, бөлмелерге елімізге белгілі тұлғалардың есімдері берілді. Сондай-ақ, студенттерге олардың атында арнайы шәкіртақылар тағайындалды. Мұның бәрі, өткенімізге деген құрмет, бабаларымызға айтқан шексіз алғысымыз. Бүгінде білімі мен біліктілігі қатар шапқан студенттер Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан атындағы шәкіртақыларды зор мақтанышпен алады.

Студент жастардың патриоттық сезімдерін оятатын ең бір асыл дүниелердің бірі – өлкетану. 2002 жылдан бастап жоғары оқу орнында «Өлкетану»

Экспедициясы» жобасы іске қосылды. Экспедицияға қатысушылар Қазақстанның түкпір-түкпірін аралауды жыл сайын жалғастыруда. Университет экспедицияны толықтай қаржыландырады. Мұндай маңызды экспедициялар патриот жастарға тыныш күш беріп қана қоймай, республиканың барлық аймақтарынан хабар алуды көксейді. Экспедиция нәтижесінде еліміздің өзге аймақтары жөнінде көптеген материалдар жинастырылды. Мен бұл жобаны «Отанды тану» жобасы деп атар едім. Мыннан аса павлодарлық жас студенттер осынау экспедицияға қатысты. Әсіресе, жобаға мектептегі оқу озағтары мен әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген студенттерді көптеп тарту алға қойылған. Көп жағдайда ата-аналардың балаларын өзге өңірлерге саяхаттауға мүмкіндіктері бола бермейді. Ал біздің өміршең жобаның арқасында жастарымыз ел тарихына тереңінен үңіліп, зейіндерін ашады.

«Өлкетану-Краеведение» ғылым-танымдық жур-





налы, Естай атындағы ұлттық ансамбль, «Очень древняя Азия» көп сериялы видеофильмі, «Вечные стражи степи. Древние степи и изваяния Байнаула», университеттің ішінен шығатын көп тиражды «Білік» газеті, археологиялық зерттеулер лабораториясы, «Кереку сазы» фольклорлық ансамблі, Қазақстанның тарихи тұлғалары мен қоғам қайраткерлерінің портреттері және тағы да басқа көптеген игі істер «Ертістің Павлодар өңірінің этно-мәдени зерттеулері» бағдарламасының шеңберінде жүзеге асқан ішкіліктер.

Қазақ халқының тарихы Евразия кеңістігіне көптеп қоныстанған көшпенділердің тарихымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының көпжасирлық тарихы бар. Қазақтардың шығу тарихы және түркі дәуірінің оркеңдеуіне әкеледі. Мұхаммед Хандар Дулатидің «Тарих –і – Рашид» еңбегінде қазақ мемлекетінің іргесі 1465-1466 жылдары қаланған делінген. Өкінішке қарай, бүгінгі жастар белгілі түрік философиясы мен ақындарының шығармалары киеді қазақ жерінде тұғанынан бейлабар. Міне осы бағытта, «Ертістің Павлодар өңірінің этно-мәдени зерттеулері» бағдарламасының шеңберінде 50 сериялы «Рухнама» жинағы жарыққа шықты. Мұнда көптеген түркі оңашыларының еңбектері енгізілді. Бұл студенттердің өткен тарихымызды білуге ерекше септігін тілдері сөзсіз.

«Ертістің Павлодар өңірінің этно-мәдени зерттеулері» бағдарламасы өз маңызына мен жан-жақтылығының арқасында Білім және ғылым министрлігімен мақұлданып, республиканың басқа да жоғары оқу орындарына үлгі ретінде ұсынылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың білім шаңырағымызға келген кезде берген жоғары бағасы бағдарламаны жүзеге асыруға ат салысқан әріптестерім үшін зор қуаныш болды. Бұл біздің ұжым үшін күш-жігер, қуат беріп, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын зерттеу жолындағы жұмыстарымызды одан әрі жалғастыруымызға септігін тигізді.

Университет қабырғасында «Мәдени мұра» республикалық бағдарламасы аясында 2004-2006 жылдарға арналған бағдарлама жасалынды. Аталмыш бағдарламада аймағымыздың мәдени мұраларын насихаттау мен қолдану, сонымен қатар тарихи-мәдени дәстүрлерді жаңғырту бойынша негізгі бағыттарды анықтады. Дәл осы уақытта университетке «Тас дәуірінің Шідерті-3 көпбағатты тұрағындағы зерттеу жұмыстарын аяқтау» жобасына қаражат бөліңді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде университет ғалымдары көптеген ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтсақ, тас дәуірінің түрлі кезеңдері туралы сыр шертетін мыңдаған жәдігерлері бар бірегей археологиялық материал жинақталды. Соңдай-ақ, Павлодар өңіріндегі алғашқы адамдардың өмір жағдайын зерттеуге мүмкіндік тұтылатын палеонтологиялық және палеоэкологиялық материалдар табылды. Аукымды

зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Павлодар облысының тарихы туралы жазылған 65 томдық басылманы мен «Кереку-Баян олкесінің тас суреттері» атты альбом жарық көрді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылған «Көшпенділер» жобасын орындауға кіріскен кезде Президентіміздің: «Біз – өзінің батырлығын мақтан ететін халықтың ұрпағымыз» деген сөздері бізге ерекше қуат берді. Осы жоба аясында жарық көрген «Тасмола тарихы», «Қимақтардың тарихи-мәдени мұрасы», «Алтын Орда», «Қалмақ қырған» кітаптары қоғам тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болды. Мәні мен маңызы жағынан құнды болып табылатын бұл ғылыми еңбектерде отандық тарихшылардың жұмыстары топтастырылған.

Біз, павлодарлықтар әлемдік деңгейдегі тарих турінен орын алатын жеріс археологтар мен ғалым-зерттеушілерді әрдайым мақтан тұтамыз. Г.Н.Потанин, Ә.Х.Марғұлан, Е.Н.Бекмаханов, Қ.А.Ақышев, М.К.Қадырбаевтар – туған жеріміздің сан қатпарлы тарихын зерттеуді өз өмірімен ұштастырған әйгілі тұлғалар. Сол себепті де, біз, Павлодар халқы олардың ғылыми жетістіктері мақтан етіп, ғылыми мұраларын дәріптеп, насихаттаймыз.

2004 жылы атақты ғалым, танымал жерлесіміз – академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның 100 жылдық мерейтойы төңірегінде қара шаңырағымыз – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымдары бірқатар кітаптарды жарыққа шығарып, Халықаралық ғылыми конференциясын ұйымдастырды. Атақты ғалым, әлемге әйгілі саяхаттаушы Григорий Потаниннің 170 жылдығына орай 2005 жылдың 26-28 мамыр аралығында жоғары оқу орынында өткен «Г.Н.Потанин – ғалым, саяхатшы, қоғам қайраткері. XIX ғасырдағы Ресейдің зиялы қауымы және қазақтардың тарихы мен этнографиясының мәселелері» атты Халықаралық ғылыми конференция аясында ғалымның үш томдық толық шығармалар жинағының құсауы кесілді. Конференцияның жұмысына ресейлік ғалымдар да белсенді атсалысты. Сол жылдың 27-29 қыркүйек аралығында тағы бір Халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды. Ерімұхан Бекмахановтың 90 жылдық мерейтойы аясында өткен «Тарих және тарихшы: қазақтың тарих ғылымының катпарлы жолы» атты конференция барысында ғалымның жеті томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ал аудармашы, жазушы және драматург Қошмұхамед Кемелгеровтың 110 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция 2006 жылдың 22-24 маусым аралығында ұйымдастырылды.

Ата-бабаларымыздың аманат етіп қалдырған құнды мұраларын зерттеуді басқа халықтардың мәдениетімен байланыстырмап елестету мүмкін



емес. Шетел әдебиетінің керемет үлгілерінің бірі – қазақ халқының мәдени мұрасымен тығыз байланысты «Нибелдунг туралы ән» көне герман эпосы мен Б.Брахттың «Просо» поэмасы біздің туған тілімізге ауларылып, оқырмай қауымға ұсынылды.

Біздің жетекшілігімізбен жүзеге асырылып жатқан екі ірі жоба «Тілі – кез келген халықтың жаны» деген ұлағатты сөздердің дәлеліндей. «Қазақ тілінің антологиясы» және «Қазақ этнографиясының кітапханасы» (50 том) атты жобалар сәтті аяқталды. «Қазақ тілінің антологиясы» жобасы аясында қазақ тілінің бүгінгі күнге дейінге даму сатысын зерттеу арқылы еткен 45 томдық жинақ жарық көрді. Ал «Қазақ этнографиясының кітапханасы» атты жоба бойынша қазақ халқының тұрмыс-болмысының ерекшеліктері, дәстүрлі мәдениеті бойынша этнографиялық мәліметтерді жинастырған революцияға дейінгі қазақ және орыс авторларының ғылыми жұмыстары 50 томдық еңбектер жинағында көрініс тапқан.

2006 жылы желтоқсан айының соңында ЖОО-да «Мәдени мұра 2004-2006 жж.» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған зерттеу жұмыстарының нәтижесіндегі біркатар ғылыми еңбектердің тұсаукесері өтті. Буклет басылып шықты және «Мәдени мұра 2004-2006 жж.» бағдарламасының іске асырылуы жайлы фильм түсірілді.

2007 жылы ғылыми кеңестің шешімімен С.Торайғыров атындағы ПМУ-да «Мәдени мұра 2007-2010 жж.» атты жаңа бағдарлама қабылданды. Оның құрамына 60 ірі жоба болды, оның 6-ы республикалық бағдарламаға енгізілсе, қалған 14-і облыстық бағдарлама құрамында. Археологтар Ертістің он жағалауындағы неолит кезеңіне жатағын ескерткіштер мен Шаукен археологиялық кешенін зерттеу бойынша жұмыстарын жалғастырды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2007 жылдың қарашасында Ж.Аймауытовтың 170-жылдық мерейтойына арналған «Аймауытов тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

Біздің университет қазақтың көрнекті этнографы, философы, тарихшысы, ақыны және көрнекті Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің аса бай рухани мұрасын сақтау бойынша ауқымды жұмыстарды қолға алды. Оның еңбектері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, қазақ халқының тарихи тамырларын зерттеуге септігін тигізіп отыр.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесінің ашылуы – тарихта өзіндік орны бар оқиғаға айналды. ЖОО-

ның ұжымы бұл жобаның үйлестірушісі болумен қатар оның ойдағыдай жүзеге асырылуына да атсалысты. Ата-баба рухына тағзым етіп, кесененің бой көтерілуіне қол ұшын берген әріптестерім мен студенттерге айтар алғысым шексіз. Қазіргі кезде аталмыш кесене қасиетті Баянуыл жерінің көркіне көрік қосып, шетелдіктердің қызығушылығына ие болуда.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 150 жылдық мерейтойын атап өту барысында университет ауқымды жұмыстар атқарды. Бүкіл қазаққа ортақ ұлы тұлғаның құрметіне «Дала кемеңгері Мәшһүр Жүсіп – адамзаттың ұлы гүламасы» атты Халықаралық конференция өтті. Сонымен қатар, жерлесіміздің шығармаларының 15 томдық жинағы «М.Ж.Көпеевтің шығармалар жинағын шығару» жобасы аясында іске асырылды.

«М.Ж.Көпеев шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы», «М.Ж.Көпеев шығармаларындағы рухына мәдениет лексикасы», «М.Ж.Көпеев шығармаларындағы заттық мифологиялық лексикасы», «М.Ж.Көпеевтің тарихи мұрасы» атты бес томдық жарық көрді. 20 томдық жинақтың әр кітабын шығаруға университеттің беделді ғалымдары еңбектенді.

Павлодар аумағында білім, ғылым және мәдениет орталығы ретінде біздің университет Павлодар облысының 70 жылдығы сынды оқиғадан тыс қала алмады. Мерейтойға орай білім ошағында «Тәуелсіз Қазақстан: Ертістің Павлодар өңіріндегі даму перспективалары және тарих сабақтары» атты Халықаралық конференция өтіп, тұңғыш рет «Ертістің Павлодар өңірі» атты энциклопедия мен «Павлодар облысы: тарихи даталар мен оқиғалар күтізбесі» кітабы жарық көрді.

Университет қабырғасында «Алаш орда» көшбасшыларына құрмет көрсетіліп, лекциялық залдар ашылды. Оның төрінен орын тапқан Алаш Ордалықтардың портреттері әрбіреуіміз үшін мақтаншын сезімін тудырады. Олар еліміздің Тәуелсіздік жолында жаңдарын пидда етті. Сондықтан батыр бабаларымыздың ерлігі мәңгілікке жадымызда сақталып, келер ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз. Алаш Орда қозғалысының 90 жылдығына орай өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өз Отанының нағыз ұлтжанды азаматарының басын біріктірді.

Иә, уақыттың расында да шегі жоқ Ал біз үшін оның тарихи бастауынан алшақ қаламауы маңызды. Туған өлкеміздің тарихи оқиғаларға аса бай, олардың көпшілігінен павлодарлықтар беймәлім. Мәселен, аты аңызға айналған «Дос-





ұқасан» тобының Павлодар жеріндегі құрылыс раяттардың бірінде пайда болғанын көбіміз білемейміз. Қазіргі таңда Қазақстандағы айгіліптың құрметіне ашылған музыкалық музеймен тар. ескерткіштік композиция да бар.

Университет жетекшісі ретінде көптеген адам-р мәдени мұраны қалыптастыру жұмыстарын үзге асырып жатқанымызға қарап, оқу орнының сты жұмысы болып табылатын ғылыми және тім беру жұмыстарымен ғана шектелу тура-т сауалдарды жиі қойып жатады. Бұл кезде мен Сүлейменовтың «... өзімізді ағарту арқылы біз ционализмнің белгісі бар кешеп колонизатор мен иңірткілен күресеміз. Тәуелсіздің теп-теңдікке арағын бірінші қадам ғана. Нағыз тепе-теңдік – ара сыйластық арқылы ғана пайда болады» деген ағатты сөздеріне жүгінемін.

Менің ойымша, жоғары оқу орны ешқашан тім беру және ғылыми міндеттерді атқарумен

шектелмеуі қажет. Осындай тар прагматикалық жұмыстар университет қабырғасында жан-жақты интеллектуалдық зиялы қауымды қалып-тастырудың орнына, тек «уақытша» қауым өкілдерін тәрбиелейміз. Қазақстанның белгілі бір журналисті атап өткенде, «уақытша» адамдармен мемлекеттімізді сақтап қала алмаймыз. Бүгінгі күні өзімізді уақыттың адам ретінде емес, қожайын ретінде сезінуіміз аса маңызды. Осы жағдайда бұл оз халқының тағдырына бейжай қарамайтын және болашақ ұрпақ үшін жауапкершілікті көтеретін адам ретінде сезінуіміз керек. Қоғамымызда осын-дай адамдар неғұрлым көп болса, мемлекетіміз соғұрлым тиімді лами бермек.

Мен «Мәдени мұра» журналының редакциясы-на тарихи-мәдени мұраларымызды насихаттау мен зерттеу бағытында атқарып жатқан жұмыстары үшін алғыс білдіремін.

Қысқашы

рамках программы «Культурное наследие», которая находится под прямым патронажем главы государства, ведутся исторические работы в Павлодарской области. На этой святой поистине земле во времена кочевой и оседлой жизни располагался Тюркский каганат, золотая колыбель тюркских народов. Тем самым Е. Арын повествует нам о исторически-духовном развитии данной местности.

Қысқашы

within the limits of « Cultural heritage » program which to be under direct home nursing of the head of the state, historical works the Pavlodar area are conducted. On this sacred really to the earth at the time of nomadic and settled life settled down Turkic pire, a gold cradle of the Turkic people. That E. Aryn narrates to us about historically-spiritual development of the given dis-